



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

2. *Усиление роли социального партнерства в профилактике трудовых конфликтов.* Требуется усиление потенциала Республиканской, отраслевых и региональных трехсторонних комиссий в части эффективности социального диалога.

Здесь также необходимо предусмотреть проведение семинаров и тренингов по развитию навыков умения вести переговоры и достижению консенсуса в трудовых спорах.

3. Усиление *информационно-разъяснительной работы* на всех уровнях - республиканском, отраслевом и региональном по соблюдению трудового законодательства, в том числе в сфере оплаты труда, охраны и безопасности труда в соответствии с коллективными договорами и отраслевыми соглашениями.

Мы надеемся, что именно такие конструктивные пути по предупреждению и разрешению социально-трудовых конфликтов и споров усилят систему социального партнерства, трудовое законодательство и таким образом укрепят социальную стабильность нашей страны.

Список использованных источников

1. Айтбай К, «Развитие социального партнерства в современном Казахстане: проблемы и перспективы»// Мысль. – 2013. – №13. – с.19
2. Амребаев А. «Казахстан в условиях мировой социальной нестабильности: поиск адаптивной модели выхода из социального кризиса»./«Казахстан в глобальных процессах» № 1, 2012, с. 69.
3. Генеральное соглашение между Правительством Республики Казахстан, республиканскими объединениями работников и республиканскими объединениями работодателей на 2012-2014 годы, Астана, 2012
4. Жусупова А.Д. «Роль профсоюзов в институционализации социального партнерства в Республике Казахстан». Канд. диссертация. – Алматы, 2002. – с. 14
5. Закон Республики Казахстан «О профессиональных союзах», Алматы, 1993
6. Закон РК «О внесении изменений и дополнений в Трудовой кодекс РК» от 16 февраля 2012 года, <http://online.zakon.kz/>
7. Закон СССР «О порядке разрешения коллективных трудовых споров (конфликтов)» 1989г. <http://zakon.law7.ru/>
8. Информационный бюллетень о результатах деятельности Комитета по контролю и социальной защите по итогам 2012 года, Астана, 2012
9. Информационный бюллетень о результатах деятельности Комитета по контролю и социальной защите по итогам 2013 года, Астана, 2013
10. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Плана мероприятий по организации правового всеобщего образования граждан основам трудового законодательства в Республике Казахстан на 2013-2015 годы» от 13 декабря 2012 года № 1581
11. Социальное партнерство в условиях становления и развития рыночных отношений. Курс лекций. АТ и СО. М., 2000
12. Трудовой кодекс РК от 15 мая 2007 года № 251-III, <http://online.zakon.kz/>

ӘОЖ 365.24 (574-25)

АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ

Жапарова Жазира

zhazira_94_23@mail.ru

Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтану кафедрасының 2 – курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (Астана Қазақстан)

Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

Баспана - адам тұратын үй, жай, қалқа немесе басқа архитектуралық құрылыс, ғимарат. Ол әр елдің ұлттық, тұрмыс-салттық, кәсіби-мәдени, шаруашылық жүргізу ерекшеліктеріне сәйкес, сондай-ақ, қоныстанған жерінің табиғи жағдайына бейімделуіне байланысты ыңғайлы етіп жасалады.

Тұрғын үй - белгілі бір тыныштық, жеке кеңістікті көрсетеді. Адам баласы өмірге келгеннен бастап, белгілі бір қажеттіліктерді іске асырады немесе оларға мұқтаж болады. Ал баспана қажеттілігі, табиғи қажеттілік (аштық, шөлдеу), содан кейінгі қауіпсіздік қажеттілігі (қорғалу мен сәтсіздіктен аулақ болу). Осы қағиданы Абрахам Маслоудың «Қажеттіліктер пирамидасы» арқылы түсіндіре аламыз. «Қажеттіліктер пирамидасы» - адам қажеттіліктерін сипаттайтын иерархиялық үлгі. «Пирамиданың» әр деңгейі іске асқанда, келесі деңгей маңызға ие болады, бірақ бұл алдыңғы қажеттілік маңызын жоғалтты дегенді білдірмейді. Сонымен қатар әр деңгейдің артықшылығы, орны, «пирамидаға» сәйкес. Адамдарға саналуан қажеттіліктің маңыздылығы әртүрлі. Мысалы, жеке меншікке қол жеткізу Фредерик Герцбергтің ынталандыру теориясына сәйкес. Бұл жерде «экономикалық еңбекке деген ынта, қажеттіліктерге қол жеткізуші күш деп саналады». Ф.Герцбергтің ойынша, жұмысшының еңбекке қанағаттануына көмектесетін факторларға мыналар жатады: 1) еңбек жетістіктері; 2) жауапкершілік деңгейі; 3) қызметте өсу, біліктілігінің жоғарылауы. Жеке адамның қажеттілігі - жүйелі ықпал ретінде, міне осыдан мотивация туындайды. Мотивация - мінез-құлықтың белгілі деңгейдегі белсенділігін және стимуляциясын қамтамасыз ететін процестің сипатталуы.

Астана қаласы елорда статусына қол жеткізгеннен соң, еліміздің әр аумағынан көшіп, қоныс аударғандардың саны арта түсуіне байланысты баспана өзекті мәселелердің біріне айналды. Баспаналы болу оңай емес екендігі мәлім. Атап айтқанда, ел азаматтарының басым бөлігі пәтерді нарықтық бағамен ала алмайды. Астана қаласындағы тұрғын үй бағасының кейбір аудандарда шаршы метрдің құны 2-3 есе көтерілді. Мысалы: «Еуропа палас» 1000 доллар (шаршы метр) белгіленген бағаны, 3500 долларға бағалаған. Сол сияқты «Хайвилл» 1500 доллар (шаршы метрді) 4000-5000 долларға сатқан. Қаланың үш ауданы Есіл, Сарыарқа, Алматы аудандарында тұрғын үйдің бағасы да әр түрлі. Сол жағалау болғандықтан Есіл ауданында 3500-5000 доллар (шаршы метр), Алматы ауданы 2000-3000 доллар (шаршы метр), Сарыарқа ауданында 1000 долларға тұрақтады. [4.1] Бұл, құбылыстың қарқыны үдеуде, еліміздің орталығы болғандықтан Астана - экономикалық және қаржы ресурсының, рухани мәдениеттің, ең бастысы - мүмкіндіктер орындалатын қала. Ойын-сауық орталығы ретінде қымбат қала деп есептеледі. Астанада қалалық қызмет көрсету, сатып алу, баға тарифтері қымбатқа түседі.

Бейсен Ахметұлы, сарапшы: — Қазір бейресми мәліметте Астанада 900 мыңнан астам халық тұрып жатыр, ал олардың 60% пәтер жалдап күн көруде. Және сол пәтер жалдаушылардың басым бөлігі - құрылысшылар.[1.1]. Бұл әлеуметтік топ белгілі бір уақыт аралығында еңбек етеді, көбіне жергілікті тұрғындар емес, басқа облыстан немесе көрші елдерден келетін жұмыс күші. Ал пәтері жоқ топ ретінде Астана қаласында көбіне кесімді жалақыға қарап отырғандар, табыстары ел бойынша орташа көрсеткішке жетпейтін отбасылар, сонымен қатар жастар. Осы әлеуметтік топтар салыстырмалы түрде қосымша қаражатты жинауға немесе сақтауға бере алмайды. Сонымен қатар теңге девальвациясы да Астана қаласының тұрғындарына баспана алуы одан сайын қиындата түсті.

Біздің шағын зерттеуіміздің мақсаты - Астана қаласындағы орташа пәтер бағасын анықтау, қолжетімділігін талдау, сонымен қатар баспанамен қамтамасыз етудің әлеуметтік-экономикалық факторларын көрсету, контент-талдау әдісін қолдану. Астана қаласындағы аудандардың (Алматы, Сарыарқа, Есіл) салыстырмалы пәтер құны мен жалдамалы пәтер бағаларын салыстыру үшін бір бөлмелі пәтердің құны мен оны жалдап алу құны сарапқасалынды. Шағын зерттеудің мақсатын жүзеге асыру үшін арнайы гайд сұрақтары дайындалды.

Зерттеудің болжамдары: Астанада баспана өте қымбаттығына ықпал ететін факторлар: несие

нарығындағы пайыздық ыңғайсыздық, пәтер кезегінің баяу жылжуы, отбасылық тұрақтылықтың төмендеуі, желілік қарым-қатынастар ықпалы.

Контент талдау әдісі арқылы жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдап көрелік. Талдауға «Из рук в руки» газетінің наурыз айындағы шығарылымы алынды. Астана қаласының үш ауданы бойынша бір бөлмелі пәтерлердің құны мен жалдамалы пәтерлер нарығындағы бір бөлмелі пәтерлер құны: Сарыарқа ауданы 1. «Күншуақ» ТҮ, 29 ш.м. - 65000\$; 2. Потанин көшесі, «6 шағын ауд.» 30 ш.м. - 73000\$; 3. «Лея» ТҮ, 46 ш.м. - 89000\$; 4. «Жеті Жол» ТҮ, 42 ш.м. - 67000\$; 5. «Талапкер» ТҮ, 34 ш.м. - 70000\$; 6. «Тілендиев» ТҮ, 44 ш.м. - 72000\$; 7. «Саянур» ауд., 33 ш.м. - 45000\$. Орташа баспана бағасы - 58500\$. Арзан пәтерлерде ішкі әрлеу жоқ. Үйді арзанға алғанмен, әлі де қаражат жұмсалады.[2.1]

Алматы ауданы: 1. «Алтын үй» ТҮ, 50 ш.м. - 99000\$; 2. «Қыпшақ» ТҮ, 59 ш.м. - 97000\$; 3. «Жар-жар» ТҮ, 37 ш.м. - 95000\$; 4. «Мәрім» ТҮ, 46 ш.м. - 92000\$; 5. «Еуразия» ауд., 60 ш.м. - 110000\$; 6. «Еуразия» ТҮ, 42 ш.м. - 85000\$; 7. «Аймақ» ТҮ, 53 ш.м. - 80000\$. Алматы ауданы бойынша орташа үй бағасы 94000\$ құрап отыр.[2.2]

Есіл ауданы: 1. «Шұғыла» ТҮ, 44 ш.м. - 140000\$; 2. «Сармат» ТҮ, 52 ш.м. - 130000\$; 3. «Лазурный квартал» ТҮ, 44 ш.м. - 135000\$; 4. «Сармат-2» ТҮ, 47 ш.м. - 125000 \$; 5. «Жағалау» ТҮ, 43 ш.м. - 80000 \$; 6. «Номад» ТҮ, 47 ш.м. - 150000\$; 7. «Инфинити» ТҮ, 43 ш.м. - 120000\$; Есіл ауданы бойынша бір бөлмелі пәтердің орташа бағасы - 125700\$ [2.3]

Контент-талдау жасай отырып, Астана қаласы бойынша тұрғын үй бағасының аудан бойынша әртүрлі екенін байқаймыз. Алайда, әр ауданның ішінде бай, орташа, кедей аудандар бар. Тұрғын үйдің сыртқы келбеті, орналасқан кварталы, биіктігі баспана бағасына әсер етеді.

Астана қаласында баспанаға қол жеткізе алмайтындар, жалдамалы пәтерде тұрып жатыр. Есіл, Алматы, Сарыарқа аудандарындағы бір бөлмелі жалдамалы пәтер бағасын анықтадық.

Алматы ауданы: 1. «Шығыс» ТҮ, 54 ш.м. - 70 000 т; 2. «Алматы шағын ауд.», 54 ш.м. - 85000 т; 3. «Күншауақ қала» ТҮ, 20 ш.м. - 65000 т; 4. «Түркістан» ТҮ, 50 ш.м. - 85000 т; 5. «Жар-жар» ТҮ, 35 ш.м. - 80000 т; 6. «Керуен-1» ТҮ, 42 ш.м. - 95000 т; 7. «Мәскеу» ТҮ, 45 ш.м. - 70000 т; Алматы ауданы бойынша орташа жалдамалы пәтер құны - 78500 теңгені құрайды[3.1].

Сарыарқа ауданы: 1. «МК-Центр» ТҮ, 36 ш.м. - 85000 т; 2. «Лея» ТҮ, 40 ш.м. - 85000 т; 3. «Қайнар» ТҮ, 40 ш.м. - 90000 т; 4. «Саяхат» ТҮ, 45 ш.м. - 90000 т; 5. «Сарыарқа шағын ауд.», 45 ш.м. - 100000 т; 6. «Күншуақ» ТҮ, 32 ш.м. - 85000 т; 7. «Отан» ТҮ, 45 ш.м. - 92000 т; Сарыарқа ауданы бойынша орташа жалдамалы пәтер бағасы - 89570 теңге.[3.2]

Есіл ауданы: 1. «Шұғыла» ТҮ, 40 ш.м. - 125000 т; 2. «Жарық» ТҮ, 38 ш.м. - 120000 т; 3. «Нұрсая» ТҮ, 43 ш.м. - 110000 т; 4. «Well House» ТҮ, 50 ш.м. - 120000 т; 5. «Уют» ТҮ, 34 ш.м. - 100000 т; 6. «Тұмар» ТҮ, 42 ш.м. - 120000 т; 7. «Дипломат» ТҮ, 48 ш.м. - 140000 т; Есіл ауданы бойынша орташа жалдамалы пәтер бағасы - 119285 теңге.[3.3]

Пәтерді жалға алатындар көбіне басқа қалалар мен облыстардан келгендер, себебі баспана алатын қаражаты жоқ немесе қысқа уақытқа жұмыс жасауға келгендер.

Зерттеу баспананы жалға алудың бағасы Есіл ауданында әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Пәтердің жалға алу құны орташа табыстың құнымен тең, олай болса, жалақының барлығы пәтерге төленеді. «Астана қаласының үй құрылысына бір кісідей еңбегі сіңсе де бір бөлмелі пәтер бұйырмай, саяжайлар мен жергелерде тұрып жатқан қандастарымыз жетерлік» дейді құрылысшылар қауымы.[4.1] Ербол, құрылысшы: — Біздің саяжайда тұрғанымызға 3 жылдан асып кетті. Тек от жағатын қиындығын айтпасаңыз, бұл маңдағы үйлердің бәрінде дерлік адам тұрады. Тұрғын үйлерге қарағанда жалдау ақысы да арзан, біз осы екі кішкене бөлмеге 30 мың теңге төлейміз. Қожайын бұл үйде қанша адам тұрғанымызды тексеріп те жатпайды. Көбінесе балалы отбасылар тұрады. Бізде басында пәтер жалдауға тырыстық, бірақ балаларымыздың бар екенін білген пәтер иелері алуға келіспеді, ақыры таныстарымыздың ақылы саяжайында тұрып жатырмыз.[4.2]

Астана қаласындағы баспана мәселесін шешу үшін банктер несие беру кезінде жеңілдіктер мен пайыздық үстемдіктерді және бағдарламалардың тиімділігіне назар аударуы шарт, себебі тұрғын үйге қол жеткізе алмаудың бір себебі, оның бағасының қымбаттылығы.

Тұрғын үйдің қымбатқа түсуіне құрылыс материалдарының шетелден импортталуы болып отыр.

Қазір жүргізіліп жатырған «Тұрғын үй жинақ банкі» баспанаға қол жеткізу үшін депозит ашып, 50% соманы жинап, барлық талаптарды орындатады, одан соң кезекке тұрып іріктеу болады. Бауыржан Карипов, «Мемлекеттік тұрғын үй» бағдарламасына қатысушы:— Бүгінге дейін «Мемлекеттік тұрғын үй» бағдарламасына екі рет қатыстым. Алайда қойылған талаптарына байланысты жинаған ұпайым жетпей, кезекке өте алмадым. Кейін тұрғын үйді жалға алуға болатынын естіп, құжаттар тапсырдым. Бұл құжаттарды тапсыру - қиынның қиыны. Жергілікті тіркеуден бастап, жұмыс орныңыздан анықтамаға дейін сұратады. Әрине, бұл талаптардың барлығының үдесінен шығуға екіншісі бірінің жағдайы жете бермейді. Жалпы Астана қаласында үй кезегіне «Бюджеттік мекеме қызметкері» ретінде 2011 жылдан бастап тіркелдім. «Астана қаласының тұрғын үй басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қолыма берген анықтамасына сүйенсек, 25.01.2011 жылы 8766 болып кезекке тұрыппын. 2012 жылы 1 қазанда кезегім 8642 жылжыған. Қарап отырсаңыз, кезегім 1 жылдың ішінде 124 адамға қысқарған екен. Әрине, бұның өзіне де қуаныштымыз. Қазір «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасына қатысуды жоспарлап отырмын. Бірақ құжат қабылдау уақыты, қандай құжаттардың керектігі жайлы ешқандай мәлімет жоқ. Егер «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен» есеп-шотыңыз болмаса, аталмыш бағдарламаға қатыса алмайтыныңыз жайлы ақпарат қана бар.[4.4]

Жыл сайын тұрғын үйге бөлінетін жер көлемі - миллион шаршы метр. Бірақ, бұл әлі де баспанамен толық қамтамасыз ете алмай жатыр. Егер 10 миллион шаршы метрден артық салынғанда тұрғын үй нарығын реттей алады. Соңғы төрт айда баспананың бағасы 1,5% өскен. Тұрғын үй бағасының 15-25% алдын ала өтегендерге ғана ипотекалық несие береді. Ал көпшілікте 15-25 % алдын ала құятындай мүмкіндік жоқ. Шаршы метрі 100 мың теңгеден сәл асатын пәтердің өзін ипотекалық несиеге өткізу қиын. Одан соң, 10% үстемемен 10 жылға несиеге алынған үйдің құны бастапқы бағасынан екі есе жоғары болады. Қорыта айтқанда, Қазақстан жағдайында енді кемі бес жылдай тұрғын үй шаршы метрінің бағасы 100 мың теңгеден төмен болса ғана баспана өтімділігі сақталады. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасынан үлкен үміт күтілуде.[4.6]

Баспананың болмауы - жағымсыз фактор. Отбасылық қарым-қатынастың нашарлауына әсер етті. Достардың арасындағы беделге нұқсан келтіреді, жұмыстағы көңіл-күйге әсер етеді. Үйдің болмауы психологиялық күйзеліске және мінез-құлықтың өзгеруіне әкеліп соғады. Олай болса, баспана – қауіпсіздіктің белгісі. Ол – қорғаныш мекені. Шағын зерттеудің нәтижесі Астана қаласында пәтер сатып алу немесе баспананы жалға алу үлкен мәселелері туып отыр. Астана қаласы тұрғындарының әлеуметтік жағдайы, халықтың жай-күйі баспанаға, тыныштыққа, жайлылыққа тікелей байланысты екені дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.24.kz, 24 қараша 2013
- 2.«Из рук в руки» газеті//10 марта 2014 года №19(1370), с.3-6
- 3.«Из рук в руки» газеті//10 марта 2014 года №19(1370), с.13-14
4. «Түркістан» газеті//Қазақ және баспана зары мақаласы 1-4 бет

УДК 316.4

ВОПРОСЫ СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ РЕПАТРИАНТОВ В КАЗАХСТАНЕ

Жылгелды Женис